

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ,  
ҒЫЛЫМСТЫҚ ІС ЖҮРПЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ

КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА,  
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

«Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау жүйесін  
імітудың концептуалдық бағыттары: отандық және халықаралық-  
[қтық тәжірибе] тақырыбындағы з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты  
іске алуға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
(жыл сайынғы Халиков оқулары)

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**24 ақпан 2012 ж.**

**Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласы**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции на тему:  
«Концептуальные направления развития судебной и  
правоохранительной системы: республиканский  
и международно-правовой опыт», посвященной памяти д.ю.н.,  
профессора Халикова К.Х.  
(ежегодные Халиковские чтения)**

**24 февраля 2012 г.**

**Республика Казахстан  
город Алматы**

УДК 378:340  
ББК 74.58:67.0  
К18

**Ответственные редакторы:**

Заведующая кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ имени аль-Фараби,  
Доктор юридических наук, профессор **Р.Е.Джансараева**  
Доктор юридических наук, профессор **Л.Ш.Берсугурова**  
Доктор юридических наук, и.о. профессора **Ш.М.Шарипов**  
Кандидат юридических наук, доцент **А.С.Нуралиева**

Ответственный за выпуск преподаватель кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики **А.Б.Избасова**

К18


«Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау жүйесін дамытудың концептуалдық бағыттары: отандық және халықаралық-құқықтық тәжірибе» тақырыбындағы з.ғ.д., профессор **К.Х. Халиковты** еске алуға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Халиков оқулары) материалдары.

«Концептуальные направления развития судебной и правоохранительной системы: республиканский и международно-правовой опыт» (ежегодные Халиковские чтения): Материалы международной научно-практической конференции (24 февраля). Алматы, 2012. - 708 б.

ISBN 978-601-247-475-6

УДК 378:340  
ББК 74.58:67.0

© эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012



*Доктор юридических наук, профессор  
Халиков Калимулла Халикович*

37. <i>Избасова А.Б.</i> «Сыбайлас жемқорлықпен күресудің тарихы».....	351
38. <i>Избаиров Ж.</i> «Проблемные вопросы квалификации преступлений против установленного порядка внешнеэкономической деятельности».....	366
39. <i>Искаков К.</i> «Теоретико-правовые проблемы принципа гуманизма юридической ответственности».....	370
40. <i>Истелюева М.</i> «Сравнительный анализ патентных систем зарубежных стран с РК».....	381
41. <i>Қалиев А.М., Джуматов А. Б.</i> «Дінтану сараптамасының теориялық және тәжірибелік негіздегі мәселелері».....	394
42. <i>Қасымбетов Қ.</i> «Кәсіптік қызметін лайықты атқармаған қылмыскердің тұлғасы».....	403
43. <i>Кенжибвкова Э.П.</i> «Соттық бақылаудың өзекті мәселелері: прокурорлық қадағалаумен арақатынасы».....	409
44. <i>Ким О.Д.</i> «Актуальные проблемы противодействия организованной преступности на современном этапе».....	414
45. <i>Когамов А.Б.</i> «Уголовно-процессуальное правонарушение и процессуальная ошибка: правовая природа и критерии разграничения».....	423
46. <i>Қожабек Қ.М.</i> «Инвестициялық құқықтың құқық жүйесіндегі орнының кейбір теориялық мәселелері».....	440
47. <i>Маликова Ш.Б.</i> «Экономика саласындағы қылмыстардың себептері мен жағдайлары».....	450
48. <i>Мергембаева Н.Б.</i> «Қылмыстық іс жүргізу заңында тергеу экспериментінің тактикалық ережелерін пайдалану мүмкіндіктері».....	460

<i>Молдахожаяев Ш.Ш.</i> «Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реформалау бағыттары».....	466
<i>Мулкеманова С.</i> «Сот ісін жүргізудегі жеке айыптау қылмыстық істерін жүргізу ерекшеліктері».....	476
<i>Мусабеков А.О.</i> «Взаимосвязь торговли людьми и терроризма как криминальных явлений».....	492
<i>Мусабекова А.Р.</i> «Классификация мер уголовно-процессуального принуждения».....	499
<i>Муханова Ш.Н.</i> «Сот сараптамасының қорытындысы және оны бағалау».....	506
<i>Нурболатов А.Н.</i> «Идея евразпола - это логика событий, продиктованная действительностью».....	510
<i>Мыңбатырова Н.Қ.</i> «Құқықтық және саяси ілімде халық билігі тұжырымдамасының қалыптасуы».....	523
<i>Нускабаев М.</i> «Соотношение коррупции и организованной преступности».....	531
<i>Нурмаганбет Е. Т.</i> «О Реформах адвокатуры и совершенствовании адвокатской деятельности в Кыргызстане».....	537
<i>Нурмаганбетова М. Т.</i> «Инновационные проблемы развития пенсионных фондов РК».....	547
<i>Нуспекулы О.</i> «Система судебных действий при допросе по УПК 1997 года: состояние и перспективы их процессуальной регламентации».....	557
<i>Оводов И. С.</i> «Особенности допроса подозреваемого при расследовании преступлений против собственности».....	575

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается общее правовое положение производственного кооператива по законодательству РК. Дается определение производственного кооператива - как юридического лица, и на которого распространяются общие положения законодательства РК о юридических лицах.

## ТҮЙІН

Мақалада ҚР-ның заңнамасына сәйкес өндірістік кооперативтің жалпы құқықтық жағдайы қарастырылады. Өндірістік кооперативке заңды тұлға ретінде және оған ҚР заңды тұлғалар туралы заңның жалпы ережелері жүретіндігі жайлы анықтама беріледі.

## SUMMARY

This article discusses general legal status of the production cooperative under the laws of RK. The definition of production cooperative - as a legal entity, and are subject to the general provisions of the legislation of the RK on legal persons

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІЦ ТАРИХЫ

*Избасова А.Б., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы*

Сыбайлас жемқорлық - қоғамның өмірі мен одан әрі оның тұрақты дамуына кері әсерін тигізеді. Күрделі, қатпары көп құбылыс ретінде жемқорлықтың тарихы өз гүмырынъщ ұзақтығы жөнінен адамзат еркениетінен кен-же емес. Оның пайда болуыт алғашкы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыттар койнауыша жетелейді. Сыбайлас жемқорлық туралы жазбаша мәліметтердің ең алғашқыларын Көне Бабырдың б.з.д 24 ғасыр мұрағаттарынан көруге болады. Патша Лагаша Урукагина шенеуніктер мен соттардың жүгенсіз эрекеттеріне тыю салу мақсатымен мемлекеттік басқару ісін реформалағанына көз жеткіземіз [1].

Тарихқа жүгінсек сыбайлас жемқорлық туралы және оған тағайындалатын жаза, жауаптылық туралы 4 мың жыл бұрын Вавилон царі Хаммурапидың «Хаммурапидың заңы» атты кодексінде қарастырылған. Осыдан барып сыбайлас жемқорлық сол кезде-ақ қоғамда орын алғанын көруге болады. Бул қылмыс түріне әділеттілік пен қаталдылықты ескере отырып жаза қолданатын болған. Осы аталған заңның 5 тарауынан-ақ соттар қызметіне пікір беріле отырып, онда: «Егер сот үкім шығарып, барлық құжаттарға мөр қойып, содан кейін өз үкімін өзгертетін болса, онда сот үкімді өз еркімен өзгерткендігі туралы қаулы шығарып, берілген арызға 12 есе артығымен шығынды мемлекетке өтеуі керек

және сот деген атақ дәрежесінен айырып, өз орның босатып беруіге міндетті болып табылады» делінген. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресуді Египет фараондары өздерінің басқару жүйесінде де қолданған еді. Бірақ, тарихта мынадай да парадоксальды жәйттар орын алған. Мемлекет басшысы коррупционер ролінде болса да, бірақ бұндай ел басылары халық алдында өте жоғары атаққа ие болып отырған. Мысалға, Рим императоры Веспасианның өмірінде мынадай жағдай орын алып, қол астындағы жү-мысшысы інісін жұмысқа алуын өтініп сұраған. Сол кезде император жұмысшының інісін өзі шақырып, жұмысқа алу үшін белгіл-бір соманы төлеуін өтінген. Күндердің күнінде әлгі жұмысшы інісінен жұмыс жетістіктерін сұраған сәтте, інісі: «Енді мен сенің бауырың емеспін, өзіңе басқа бауыр тауып ал»- деп тіл қатқан. Осыдан-ақ, Веспасианның елді басқаруында оның қаттылығы, тікелейлігі көрінген және де халық сол үшін оны құрмет тұтқан.

Сол кезде-ақ Рим империясында сыбайлас жемқорлыққа аныштама қалыптасқан. Сыбайлас жемқорлық - жаза тағайындалатын эрекет деп табылады делінген, өйткені Римде сыбайластықтың кең етек жайған шағы еді. Басқа мемлекеттерді жаулап алу үрдісінде, сыбайлас жемқорлық дамып отыра берді. Римде «Ішкі пікірші» атанып кеткен Үлкен Катон (б.э.д 234-149) былай деген: «Жеке ұрлықшылар немесе ұсақ ұрлықшылар түрмеде күн кешіп қиналу үстінде болса, ал қоғамдық ұрылар алтында көміліп өмір сүріп жүрді» - дейді. Бул жерде, яғни қоғамдық шенеуніктер немесе қрғам басшыларын білдіріп тұрған. Осы сыбайластық салдарынан Рим империясы өзін сатуға дейін апарды және де соның салдарынан қирады дейді. Грекия еліне қарағанда Рим империясында пара алу жоғары

болып саналды. Ал Грек елінде халық бул құбылыстың алдына төтеп беру үшін өз ақшаларын мемлекетке сақтауға бермеген. Өйткені мемлекетке немесе қоғам басшыларына сақтауға берілген ақша оларды сол дүниеге қызығушылығын туғызып отырады және де сол ақшаны алуға немесе пара сұраумен оларды пайда табудың оңай жолын өзіміз көрсетіп қойғанмен тең деп халық бірауыздан айтқан[2].

Сол кезде-ақ, Рим империясында сыбайлас жемқорлықтың дамуы немесе пайда болуы бүгінгі күнгі формасы мен негізі сияқты болған. Сыбайлас жемқорлық арқылы Рим империясын басқаруға жақсы мүмкіншіліктер туындап отырған, өйткені мемлекеттік сатып алу, қамсыздандыруда, жоғарғы басшылық орынға тағайындағанда немесе сол кездегі консулдарға, сенаторларға муниципальдық шенеуніктерге Рим империясына басқа елден келетін тауарды, бидайды тұрмысқа- керекті құрал-жабдықтарды кіргізу үшін жоғарыда айтып кеткен лауазымды азаматтарға пара немесе сый-сыйапат беріліп отырған. Бул лауазымды тұлғалардың жеп қалған пайдасы келетін тауар құнымен бірдей болып, мемлекет өз тарапынан сондай сома ақшаны мемлекеттің қазынасынан төлеуге мәжбүр еді. Сайлау науқанында да сыбайлас жемқорлық өрши түсіп, ашықтан-ашық сайлаушыларға пара беріліп, оларға ақысыз той-томалақтар жүргізілген деген мәліметтер бар[3].

Рим құқығының 12 кесте атты заңында сыбайлас жемқорлық туралы айтылып өткен. Шығыс елдерінің ішінде Үнді мемлекеті атанған елде сыбайлас жемқорлық дамыған. Б.э.д 4 ғасырда Артхашастра трактатында Чандаргупта Маурия бул қылмыстың 40 түрлі эрекетін сипаттап өткен. Осы мысалдан-ақ, түсінуге болады үнді елінің заң жүйесінде сыбайлас жемқорлық, оның түсінігі, түрлері және жазасы

болған. Сыбайлас жемқорлық мәселесін көне грек философы, ойшылы Платон да ойланған. Ол сыбайлас жемқорлықтың табиғаты мен генезисін ашуға үмтылып, оның ойынша: «Пайдакүнемдік ол - ең басты элеуметтік ақаулардың бірі, бұл құбылыс басшылар мен қатар әскерлерге де қатаң тыйым салынуы керек» дейді. Ал аристотельдің ойынша: «Қандай болмасын мемлекеттік басқаруда заң және тәртіп арқылы басқарушы тұлғалардың өзінің табатын жалақысынан басқа қосымша пайда табуға мүмкіндік болмау керек» - дейді. Сол кездің қоғамында-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресу басты орында болған. «Мелекетке пайда алып келетін мемлекеттік басқару немесе құрылым, тек сол ғана әділетті және дұрыс деген аныққамаға сәйкес болады деп есептелген». Платон мен Аристотельдің тұжырымдары бойынша қоғамда сыбайлас жемқорлық болса, ол мемлекеттің монархиясының бұзылған формасына алып келіп соғады деген тұжырымға қосыламын[4].

Әйгілі ғалым-энциклопедист Абу-Наср Аль-Фараби ойынша: «Қызметті немесе лауазылымдылықты байлығына қарап тағайындамау керек, ол адамның мүмкіншіліктері мен қабілеттіліктеріне мән беруі керек» - дейді. Осыдан бары|| 9-10 ғасырларда аль-Фараби меритократия қағидасын іске асыруға бағытталған, яғни жоғары дәрежелі қызметке қабілеттілікке, кәсібилікке және жеке мүмкіншіліктеріне қарап тағайындау керектігін жеткізген. 14 ғасыр ғалымы Ибн-Хаддун ғылыми тарихшы және саясаттанушы деген атаққа ие болса да, ол сыбайлас жемқорлықты зерттеуші ғалым ретінде көрініп отырған. Оның негізгі ойы: «Сыбайлас жемқорлықты мемлекет басында отырған шенеуніктердің іс-әрекеттерінен көруге болады және сыбайлас жемқорлық мемлекетте экономикалық қиыншылықтарды туғызады», - деген [5].

Т.Гоббс өз тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлықтың элеуметтік жағын емес, криминологиялық, қылмыстық-құқықтық аспектісіне көп мән берген. Оның ойынша: «Қандай да болмасын қылмыстық әрекет элеуметтік жауыздық, ал сыбайлас жемқорлық болса бұл құбылыс адамдарды өзінің ақшасына, яғни материалдық құндылықтарына, байлығына немесе достарына сену арқылы заңға қайшы келетін әрекеттерді істеуге барады және осыдан барып жаза қолданылмайды деген тұжырыммен заңға басқаша көзқарастар әсер туындаптып отырады», - дейді[6].

Ал, Ресейде сыбайлас жемқорлық мәселесі басқаша қалыптасты. Сыбайлас жемқорлық - заңды іс-әрекет арқылы құқыққа қайшы әрекет арқылы пайда табу болып табылады. Бұл құбылыс 9-10 ғасырларда Русь империясында «тамақтандыру» институтының пайда болуынан дамыды. Бұл институт Византияда өріс алған. Институттың жұмысы мемлекет басшысы «князь» өз қол астындағы әскер басшыларын немесе елде беделі жоғары тұлғаны ауылдарға, яғни провинцияларға мемлекетке жиналатын салық деп күштеп адамдардан ақша жинаған. Бұл салық аталып кеткен құбылыстан наместниктер де өз пайдасын көріп отырған. Әрбір ауыл бір наместникті асырайтын болған. Бұл құбылыс 1556 жылы тоқтатылып, бірақ бұл құбылыстың жағдайы әлі күнге дейін сақталып қалып отыр. 15 ғасырда паракорлықпен сыбайлас жемқорлық жүйесі жақсы дамыған. 14 ғасыр Двин грамотасында сыбайлас жемқорлық посул ретінде, яғни заңсыз марапаттау деп анықталған. Ал 16 ғасырда бұл жүйе алаяқтық деген жаңа мағынаға ие болды. Пара алғандығы үшін 13 ғасырда жаза ретінде Кирилл, Иван 3, Иван Грозный өлім жазасына кескен. Ресей империясында ең бірінші пара іс-әрекетін реттейтін заң 1497 жылы «Судеб-

ник» атты заңнама қабылданса да, бұл құбылыс 16 ғасырда күшейе түсті. Земск бұйрығының басшысы Леонид Плещеев сотты пара алу институтына айналдырып, сол кезден бастап лицензия үшін пара деген тәжірибе пайда болады. Сол кезден-ақ Ресей империясында сыбайлас жемқорлық дамығандығы, оның тек қоғамның төменгі таптарында ғана емес, сонымен қатар элеуметтік, саяси жүйеде де өз орнын ала отырғандығын көріп отырмыз. Ал 18 ғасырда сыбайлас жемқорлық формалары Ресейде одан әрі дами түсті. Петр 1 бұл фактілерге қатты таңқалды. Ол бұл құбылысқа көптеген кішкентай жазадан бастап өлім жазасына дейін қылданды. Оған мысал, Сібір князі губернаторы Матвей Гагарин барша халық алдында пара алғандығы үшін өлім жазасына кесілген, ал 3 жылдан соң бас прокурор Алексей Нестеревті де жаза тартқан. Сол заманның басты жемқоры А.Меньшиковті де жүз мәрте ұрып-соғу жазасына кескен. Осы жемқорлардың, сол кездегі сыбайлас жемқорлықтың қоғамда дамуы Петр 1 өте қатты ашындырады. В.О Ключевскийдің айтуынша: «Петр 1 барлық лауазымды тұлғаларға - егерде кімде-кім қазынадан жай ғана жіп алу үшін ақша алса, онда сол адамды сол жіпке асамыз» деп тіл қатқан. Сол кезде Петр 1 мынандай заңнама қатарын: «Посулдардың пара алғандығы үшін жаза түрі», «Басқа адамдар пара алғандығы үшін де жаза реті», «Пара алғандығы үшін материалдық мүліктерін немесе иелігіндегі құнды заттарды алу жазасы» енгізген[7].

Петр 1-ң тәжірибесінен көруге болады, сыбайлас жемқорлыққа қолданылатын жаза түрі ауыр болса да, бұл қылмыс түрі азаймайтындығы, сол үшін әрдайым стратегияны өзгертіп отыру керек. 1853 жылы Ресейде пара алу жүесі өз көрінісін өзгерте бастады. Бұл сәтке дейін егер пара тек тиын-тебенмен алынатын болса, сол кезден бастап ірі ақша

ретінде алынатын болды. Сыбайлас жемқорлықтың өсуі 1845 жылы қабылданған «Қылмыстық жазаны орнықтыру мен орындау» заңынан көруге болады. Бұл заңда парамен қатар сыбайлас жемқорлықтың басқа да формаларына аса көңіл бөлінді. Заңның 6 бөлімі, 5 тармағында «Вздоимство и лихоимство» атты заң 13 баптан тұрды. Пара алудың 2 түрі нақтыланды: 1) пара-сыйлық, 2) пара-сатып алушылық

Александр 2 басқарған кезде сыбайлас жемқорлық одан әрі кең етек жайды. «Фаворитизм прецеденті» пайда болды. Ал, 20 ғасырға таман сыбайлас жемқорлық Ресейде элеуметтік өмірмен бірге ұштасып дамыды. Совет үкіметінде Ленин бастаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестер қолданылып, оның ішінде ауыр емес жазалар мен қатар ауыр жазалар өлім жазасы болды. Бірақ ешқандай өзгеріс білінбеді. 70 жылдары сыбайлас жемқорлық сөзіне төтеп беру шаралары басталды. Бұл мағына 90 жылдарға дейін халық уысында қолданылмады. Бірақ сыбайластық қоғамда өз орнын жіберген жоқ. Тоталитарлық кезеңде сыбайлас жемқорлық табиғи түрінде, тотальды және барша аумақты жаулап алушылық формада болды. Бұл формаларға негізгі себеп:

- жеке меншіктің ресми қорлануы,
- жетіспеушілік, бұл құбылыстан қара немесе шикі нарықтың автоматты түрде дамуы сыбайластықтың эсерінен болды,
- үкіметтің жабықтығы, сыбайлас жемқорлықтың өсуін тудырады,
- агенттік қарым-қатынастардың тотальдігі, яғни «қағида-агент» ұстанымымен дамыды, бұл жерде қағидашыл ролінде - мемлекет болды, ал агент - кез-келген азамат бола алды. Ал агент мемлекетте қызмет

атқаратын қызметкер болатын. Яғни пайда табу мақсатында болған әрекет - сыбайлас жемқорлықтың тууына негіз болды. Совет үкіметінде сыбайлас жемқорлық жоқ деп айта алмаймыз, ол тек басқаша формада қалыптасты деуге болады[8].

Ал батыста сыбайлас жемқорлық өте қатты қалыптасты. 15 ғасырда Ұлыбритания патшалығының парламентінде сыбайлас жемқорлық туралы мәселеге қатысты көптеген пікір сайыстар болып отырды. Өйткені, бұл елде парламенттік сыбайластық пайда болған еді. 18 ғасырдың соңында либералдық ойлар мен құндылықтар қоғам мен сыбайлас жемқорлықтың арасында қарым-қатынас орнатты. Бұл қарым-қатынасты жаңа ағым деп тұжырымдады. Бұл тұжырымдама бойынша ел басы, елді басқарушы органдар халық үшін, халықтың игілігі үшін және қоғамның дұрыс дамуына септігін тигізетін болуы керек деп, сыбайлас жемқорлықты ысырып алып тастады. Сыбайлас жемқорлық құбылысын алдын-алу мақсатында америка халқы көп жұмыс атқарды. 1878 жылғы конституцияда пара алғандығы үшін қарапайым халықпен бірге ел президентінің өзі жауаптылыққа тартылады делінген. Яғни, президентке ипичмент жарияланады. Онда: «Егер президент, вице-президент, азаматтық қызметті атқаратын лауазымды тұлғалар мемлекетке опасыздық жасап, сатқындық немесе пара алса, онда ол өз қызметтерінен алшақталатындығы түсіндірілді. (2бап, 4 бөлім). 19-20 ғасырларда элем бойынша дамыған мемлекеттерде сыбайлас жемқорлық төмен болып келеді. Бірақ бұл құбылыстан түбегейлі құтылу мүмкін болмай отыр, сондықтан да элем бойынша глобальдық мәселелер қатарына жатқызылып отыр.

20 ғасырдың жартысында, сыбайлас жемқорлық тарнсулттықтан бүкіләлемдік проблемалардың біріне айналды. Мемлекет басында тұрған лауазымды тұлғаларды корпорациялардың сатып алу және оларға ақша түрінде сыйақы берулері өрши түсті. Осыдан барып сыбайлас жемқорлық ұйышдасқан қылмыспен ұштасып келе берді. Мемлекеттік органдардың басшыларын, өкілдерін сатып алу, сол ұйымдасқан қылмыстық топтың мақсатының бірі болды. Бұл әрекеттерге мысал, Италия мемлекетінде «Коза Ностра» ұйымдасқан тобы олар мафия немесе жауыздар деген мағынаны білдірді, Жапон ұйымдасқан қылмыстық тобы «Каморра», «Сакра корона унита», «Бариокудан» (якудза), индонезиялық ұстаушылар, қытайдың «Триада» ұйымдасқан қылмыстық тобы. Бұл топтар пара беру арқылы мемлекеттік лауазымды тұлғалар арқылы өздерінің қылмыстық қызметтерінде шешіп отырған. Ұйымдасқан қылмыстық топтар мен шенеуніктердің арасындағы келісім «Локхид фирмасының сыйы» атты сыбайлас жемқорлық әйгілі Жапония премьер-министірінің өз орнынан кетуге алыш келіп соқты[9]. Ал, Қытайда сыбайлас жемқорлық қылмыстарына өте қатал жаза қолданған.

31 мамыр, 1995 жылы «Сыбайлас жемқорлық жылы» атанды, өйткені осы жылға дейін сыбайлас жемқорлықтың алған аумағы өте үлкен болды. Ал сыбайлас жемқорлықпен күрес күні 9 желтоқсан атанды. Зерттеушілердің ойынша сыбайлас жемқорлықтың таралу бағыты батыстан -шығысқа дейді. Мысалға, Индонезия мемлекетінің шенеуніктерін голландиялық компаниялар ақша беріп осы құбылысқа үйреншікті болуына себепші болған, ал Филиппин мемлекетіне испан колонизаторларымен келген деп тү-жырымдалады, ал Индияға британ әкімшілігімен келген



дейді. Бұл мемлекеттердің ішінде сыбайлас жемқорлыққа тетеп бере алатын мемлекеттер қатары болды, мысалға Сингапур және дамушы мемлекеттер антикоррупциондық бағдарламаларды іске асырып, қолданып отырды. Парақорлық және басқа да қылмыстар үшін жауапкершілік Ресей 1649 жылы Собор жинағындакөрініс тапты. Жинақтың 5-7 баптарында сот органдарында лауазымды адамдардың сыйлық алғаны үшін жауапкершілігі қарастырылса, 6-бап ондай субъектілер ауқымш кеңейтті. Ал өзіміздің елге Ресей империясы әкімшілігінен келген деген тұжырым бар. Колонизацияға дейін қазақ елінде сатып алушылық пен пайдакүнемдік деген түсінік болмаған. Бұл сәтке дейін қазақ жерінде сыбайлас жемқорлық деген мәселе болмаған, тек адамды сыйлағандықтан оған құрмет түрінде сыйлықтар берген. Бірақ ақшалай сыйлық болмаған. Ал қызметтік салада билер соты қалыптасқан. Билерді басшы емес, қарапайым халық таңдап отырған. Осы күнге дейін билер сотының қызметі біздерге мақтан тұтарлық құбылыс болып отыр. Қазіргі күні 100-ге дейін билер сотының есімдері бізге мәлім. Бірақ 19 ғасырда колонизация басталған уақытта, билер соты жойылып, орнына әкімшілік басқару органдары келген. Осыдан барып билік басына шенеуніктер келген сәттен бастап сыбайлас жемқорлықтың құбылысы кең етек жайды. Бірақ қазақ елі сонау заманнан бастап дала демократиясымен өмір сүргендігін ұмытпауымыз керек. Сол кезде егер халық басқарған ханның немесе билердің атқарған қызметтеріне көңілдері толмаса, халық сайлауымен ол тұлғаларды алып тастауға құқықтары болған. Ханның ақылдасатын көмекшілері немесе кеңесшілері болған. Сол кеңесшілері арқылы халықтың ойын біліп отыруғатырысқан. Бұл кеңесшілер өте білімдар адамдар ретінде ақындар,

жыраулар болған. Мысалы, Жәнібек хан басқарған шақта (15 ғасыр) Асан Қайғы болған, Есім хан кезінде (17 ғасыр) Марғасқа жырау, Абылай хан кезінде (18 ғасыр) Бұхар жырау болған. Жаңа жүйеге көшу сол кезде қазақ халқына өте ауыр тиді. Өйткені, сол кезде жаңа келген әкімшілік тарапынан салық салынған. Бұл дегеніміз сыбайлас жемқорлықтың тууыша қайнар бұлақ деп танылды. Хранологиялық тарихқа сүйенсек, Қазақстанда құқық жүйесі сыбайлас жемқорлық түсінігін тарихи 2 этапта қарастырады:

1. 14 ғасырмен 19 ғасырлардың аралығы - ортағасырлар заманы. Сол кезде қоғамдық -элеуметтік құрылыста мұсылмандық-салттық көзқарастар мен түркі-моңғолдық цивилизацияда болған. Тарихшылардың айтуынша сыбайлас жемқорлық легитимдік институт формасында болған, яғни феодалдық катынаста. Жай жер иеленушілерден хандарға, сұлтандарға, билерге ардайым ушур салығы жиналатын болған. Ол жер иеленушінің егіннен түскен 10-шы пайда табысы болып саналды. Малшылар зекет деген салық түрін төлеген, яғни белгілі-бір мал-түліктің мөлшерін беріп отырған.
2. Қазақстандағы құқық саласының дамуында Ресей империясының колониалдық саясаты болды. Қазақстанның құқықтық құрылысы Ресей империясына қосылмас бұрын, 2 көршілес жүйеде болған:
  - 1) жергілікті ұлттық соттар - билер соты мен қазылар соты, олар қылмыстық және азаматтық істерді адат және шариат негізінде қарайтын болған;
  - 2) жалпы империялық сот органдары, олар аса ауыр қылмыстық істерді қарастырған деген тұжырым бар[10].

Жалпы алғанда сол кездегі зекет, ушра немесе сыйлықтарды - пара алу құбылысына жатқызуға болмайды деп тұжырымдалады. Өйткені, олар сол кезде заңмен белгіленген болатын. Бірақ нормаларда пара алу немесе пайдакүнемді эрекеттері үшін ешқандай жауаптылық қарастырылмаған. Ал басқаша көзқарас Ресей империясының басқаруы кезеңінде болған. Яғни бұл өзгерістер ұжтық жүйені транскониялыдық мәселеге алып келіп тіреді. Сыбайлас жемқорлық сол кезден бастап қазіргі формаларына ие бола бастады.

Сыбайлас жемқорлықтың түсінігіне келетін болсақ, ол - әлеуметтік феномен, қоғам мен қоғамдық қатынастар туындысы. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен өмір сүруі қоғамдық және шаруашылық қызметтегі басқару функциясының жекеленуі сәтінен бастап мүмкін болады. Өйткені, нақ осы жағдайда лауазымды басшыда қоғам, мемлекет мүддесі үшін ғана емес, жеке басы үшін ресурстарды пайдалану және шешім қабылдау мүмкіндігі пайда болады. Сонымен, сыбайлас жемқорлық өте ерте уақытта туған және қазіргі күні де бар күрделі әлеуметтік саяси құбылыс ретінде көрінеді. Сыбайлас жемқорлықтың көрініс беру формаларының өзгеруі барысында оның ауқымы тарылмайды. Қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық - басқа саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік институттармен өзара тығыз байланысты әлеуметтік институт, басқару жүйесі, элементі.

Сыбайлас жемқорлық экономикалық заңдардың еркін жұмыс істеуін әжептәуір шектейді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін төмендетеді, ел үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы ең бір басты бөгеттердің бірі болып табылады. Таза және әлеуметтік

бағыттағы бизнес нарықтан күшпен ығыстырылып шығарылады, өйткені, бұндай бизнесті сыбайлас жемқорлық тиімсіз кәсіпке айналдырады. Сыбайлас жемқорлықтың бейімделу қабілеті ғаламат, үздіксіз мимикрияға түсе алады, түрін өзгертеді және кемелдене береді, әлеуметтік құқықтық бақылау мен зәни жауапкершіліктің кемшіліктері мен ақтандақтарын шебер пайдаланады. Ішінара өздері де сыбайлас жемқорлықпен шырмалған құқық қорғау органдарының институтталынған сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін жеткілікті мүмкіндіктері мен тиісті тәуелсіздіктері де жоқ. «Темір үшбұрыш» атанғандар - жемқорланған қырық құрау бюрократия - қылмыстық бизнес- ұйымдасқан қылмыс өз заңдарымен өмір сүреді. Сыбайлас жемқорлық ұлттық шекаралардың шеңберінен шығып кетеді, сондықтан онымен күрес глобалдық ауқымда жүргізуді қажет етеді. Одан түсетін түсімдер «жуылғаннан» кейін әлемдік және ұлттық қаржы ағындарына күйылады да, мемлекеттік және халықаралық билік пен экономика институттарын бұзады. Ол заңның демократия мен адам құқықтарының үстемдігіне қатер төндіреді, қоғамның моральдық тіректерін, билікке деген сенімді, мемлекеттік басқару, теңдік пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын қиратады, бәсекеге бөгет жасайды, экономикалық дамуды қиындатады. Әсіресе ең қауіптісі - мемлекеттік билік орындарындағы сыбайлас жемқорлық. Бұл жағдайда ол монополияның билікпен симбиозының, мемлекеттік қызметшілерінің шешім қабылдаудағы қауқарсыздығының және шенеуніктердің бақылауда болуы мен оларға құқықтық жауапкершілік жүктелмеуінің көрінісіне айналады. Тәжірибенің көрсетуінше, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін бұзады, мемлекеттік билік пен мемлекеттік қызметтің беделінің

құлдырауына мүмкіндік жасайды. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және әсіресе экономика саласындағы ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді. Мемлекеттік машинаны ұйымдасқан қылмыстың қолдануы мемлекеттік өкілеттілікті жекеменшікке айналдыру амалы ретінде тікелей сыбайлас жемқорлықпен байланысты. Гегель былай деп жазды: «Мемлекеттік биліктің жеке индивидуумы иеленген үлесі - жалпыға ортақ биліктің жоғалтқаны деген сөз». Ол аз десеңіз, индивидтер мен қылмыстық құрылымдар биліктің өздері иеленген бөлігіне сүйене отырып, мемлекетке, азаматтық қоғам институттарына, оның құндылықтарын шығады. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешпей, мемлекеттік басқарудың міндеттерін сәтті орындау мүмкін емес.

Сыбайлас жемқорлық феноменің түсінуге қатысты сан түрлі әдістемелік ыңғай бағыттар бар. Оны ежелден-ақ түрлі элеуметтік, саяси, криминологиялық, құқықтық аспектілерде қарастырған. Осылайша, Платон мен Аристотель сыбайлас жемқорлықты саяси категорияға жатқызды, Н.Макиавелли оны мемлекеттің азаматтық ізгілікті бұзатын жалпы сырқатының белгісі санады, Ш.Монтескье оны нәтижесінде жақсы саяси тәртіп немесе жүйе жарамсызға айналатын дисфункционалды үдеріс ретінде сипаттады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Струве В.В Хрестоматия по истории древнего мира. Дарение или взятка: <http://krrupciya.com/index.php/page/66544112> 12-14с.
2. Жетписбаева Б.А Стратегия борьбы с коррупцией. Алматы, 2009.-294с

Мовсумов В Древний Рим - образец коррупционного государства. Москва, 2001.- 213с.

Рогов И.И, Мамаи К.А, Бычкова С.Ф Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің негіздірі: Оқу құралы.- Алматы, 2004. - 268с.

Жетписбаева Б.А Стратегия борьбы с коррупцией. - Алматы: «Заң әдебиеті», 2009. - 294с.

Гоббс Т Левиафан или материя, форма и власть государства церковного и гражданского. Москва: «Мысль», 1936.-478с

Гилинский Я.И Коррупция: теория и российская реальность. Леонтьевский центр. 2004.- 384с.

Г.А Сатаров Антикоррупционная политика: Учебное пособие.- Москва: «СПАС», 2004.- 368с.

Гуриев.С Что известно о коррупции в России и можно ли с ней бороться? 2007. -18 с

Д Алауханов Е.О, Турсынбаев Д.Е Борьба с коррупцией: Учебное пособие. Алматы, 2008. - 288 с

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматривается история борьбы с коррупцией

#### **SUMMARY**

In this article the fight history from a kooorupsiya is considered